

ABOUT HIV

АИТВ-ты емдеу

Егер сіз «АИТВ-позитивті» болсаңыз онда бұл сіздің ағзаңызда АИТВ деген вирус бар екенін білдіреді. Бұл сізді ауру, ЖИТС бар екенін немесе сіздің денсаулығыңыз нашарлап жатқандығын білдіртпейді.

Егер сізде АИТВ бола тұра емделмесеңіз онда вирус сіздің ағзаңыздағы басқа инфекцияларға қарсы қорғау болатын иммундық жүйеңізге ақырындап шабуыл жасап отырады.

АИТВ-ты емдейтін дәрі-дәрмектер бар. Осы дәрі-дәрмектердің арқасында вирустың көбеюі жүрісі тоқтатылып сіз өзіңізді сау сезінесіз. Себебі сіздің иммундық жүйеңізге АИТВ-тың шабуылдары енді әсер етпейді. Көптеген АИТВ-позитивті адамдар осы дәрі-дәрмектердің көмегімен өздерінің кәдімгі ұзақ өмір сүруіне сеніммен қарайды.

«ЖИТС» АИТВ-дан ерекшеленеді. Егер адам ұзақ уақыт бойы ем қабылдамай иммундық жүйесін әлсіретсе онда ол адамның ағзасында ЖИТС дамиды. Егер сау иммундық жүйе ауыр инфекциялар мен аурулардан адам ағзасын қорғай алатын болса, ал ЖИТС-пен науқас адам, бұл инфекцияларды оңай жұқтырып онымен ауратындығын білдіреді.

Дәрі-дәрмектердің арқасында қазіргі таңда ЖИТС-тың адам ағзасында дамуы сирек кездеседі. Егер ол дамыған жағдай да оны әр кезде емдеуге болады.

АИТВ-тың қысқармасы адамның иммун тапшылығы вирусы дегенді дегенді білдіреді. Ал ЖИТС қысқармасы жұқтырылған иммун тапшылық синдромы дегенді білдіреді.

АИТВ қалай таралады


АИТВ иммундық жүйені ақырындап әлсіздетеді, сондықтан сіз өзіңізді міндетті түрде бірден жайсыз сезінбейсіз. Алғашқы кезде, жұққаннан кейінгі апталарда сіз бір екі күнге тұмауға ұқсайтын «сероконверсиондық аурумен» ауырып қалуыңыз

мүмкін. Дер кезінде ем қабылдамаған барлық адамдар да, екі жылдан он бес жылға (орташалағанда жеті жылдай) дейін вирус денсаулықтарына сыр бермеуі мүмкін.

Барлық адамдар вирусты жұқтырғаннан кейін бірден өз диагнозын біле бермейді. АИТВ-позитивті адамдар өз диагноздарын айлап немесе жылдап бойы білмей жүруі мүмкін..

Егер сіздің ағзаңызда АИТВ жұқтырылғанына аз уақыт өткен болса з онда сіз АИТВ-ты емдеуге деген қажеттілікті қарастырмай өзіңізді бірнеше жылдар бойы толықтай сау сезініп жүре аласыз.

Басқа жағдайда, сізге АИТВ деген диагноз қойылған кезден алдын, сіз вируспен ұзақ өмір сүрген болсаңыз, онда иммунды жүйеңіз әлсіреу салдарынан, ауырып қалуыңыз ықтимал сондықтан сіздің дәрігеріңіз сізге АИТВ-тың емін тез арада бастау керектігі екені туралы кеңес беруі мүмкін. Көптеген мәселелер бір мезетте сіздің басыңызға түсіп қалуы да мүмкін: сіз ауырып жүре тұра АИТВ бар екенін біліп қалсаңыз, онда сол кезде сізге емделу немесе емделмеу жайлы шешім қабылдауға тура келеді.



Денсаулыққа қарау

Адамның сырт келбетіне қарап ол адамның АИТВ-мен ауыратындығы жайлы сіз ешқашан біле алмайсыз. Сондай-ақ сіз адамның қаншалықты сау екенін де түр келбетіне қарап айта алмайсыз.

АИТВ-тың сіздің денсаулығыңызға тигізген әсерін, денсаулығыңыздың жағдайын тек қан сараптамасы көрсете алады. Сізге ем қабылдау немесе қабылдамауыңызға байланыссыз, сіз әрдайым өз денсаулығыңызды бақылау мақсатында кейбір тестерден өтіп тұруыңыз керек болады.

Ең маңызды тесттердің бірі – ол CD4 жасушаларының санын анықтайтын тест, себебі бұл арқылы иммундық жүйенің күшін анықтауға болады. CD4 жасушалары санының аз болуы АИТВ иммундық жүйеге қатты зақым жасап жатқанын білдіреді. CD4 жасушасының көп саны иммундық жүйенің мықты екенінің белгісі.

Янссенның жомарт қолдауы арқасында www.pro-vich.info және www.about-hiv.info желіні қалыптастыру мүмкінге айналды. Біздің демеушіміз желінің мәтіні мен мазмұнына редакциялық бақылау мүмкіншілігін иеленбеді. Осы желідегі барлық ақпараттар денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кеңесін орынын басу үшін емес, керісінше оларға көмектесуге бағытталған. Жеке мәселеніз бойынша өзіңіздің емделуші дәрігеріңізге немесе командаңыздың денсаулық сақтау бойынша жауапты мүшесіне ақыл қосу мақсатында жүгініңіз.

NAM aidsmap, Еуропалық ЖИТС –ті емдеу тобы, Еуропалық ЖИТС бойынша жәрдемдесу желісі, Шығыс Еуропа және Орталық Азияда АИТВ – пен өмір сүретін адамдардың одағы және ИТРСги (Емдеуге дайындау бойынша коалициясы) өз – ара ынтымақтастығы. Қосымша ақпараттар алу үшін: www.about-hiv.info; www.pro-vich.info; www.aidsmap.com Ұлыбританияда ресми тіркелген қайырымдылық қоры: 1011220

ABOUT HIV

АИТВ-ты емдеу

Ал тесттің екіші бір түрі, ол вирустың қандағы мөлшерін (қанда қаншалықты вирустың көп екендігін анықтайтын тест) көрсетеді. Ол АИТВ-тың қандағы санын өлшеп көрсетеді. Егер де сіз дәрі-дәрмектер қабылдап жүрсеңіз, қандағы вирустың санын анықтайтын тест арқылы, сіздің қабылдап жүрген дәрі-дәрмектердің әсері анықталады, вирустың саны неғұрлым аз болса, соғұрлым дәрінің әсері жоғары дегенді білдіреді.

Сізден дәрігер осы тесттерді бірнеше айда бір рет тапсырып тұруыды талап етуі мүмкін. Осы тесттердің нәтижесі сізге және сіздің дәрігеріңізге сіздің денсаулығыңызға қарасты және алдағы ем туралы шешімдер қабылдауға көмектеседі.

АИТВ-ты емдеу

АИТВ-ты емдеу арқылы вирустың көбеюі тоқтатуға тұғызып және ағзадағы вирустың санын азайтуға болады.

- АИТВ аз болған сайын иммундық жүйеге аз зақым түседі соның арқасында сіздің ауырып қалу қауіпі азаяды.
- АИТВ сіздің ағзаңыздағы сұйықтықтарда аз болған сайын сіздің вирус тарату қабілетіңіз азаяды (мысалы, өзіңіздің жыныстық қарым-қатынаспен айналысатын серіктестігіңізге немесе жүктілікті жоспарлаған кезде)

АИТВ емдеуінің басты мақсаты – «анықталмайтын» вирустың салмақтылыққа жету ол сіздің ағзаңызда АИТВ аз мөлшерде бар екенін білдіреді. Бірақ та дәрі-дәрмек панацея бола алмайды, сіз толығымен жазылып кетпейсіз, дәрі-дәрмектер АИТВ-ты сіздің ағзаңыздан толығымен жоймайды. АИТВ-пен өмір сүріп жүрген әр адамға ем алу өз пайдасын тигізеді. Ем алуды қаншалықты ерте бастасаңыз, болашақта өзіңізді соншалықты басқа аурулардан ерте қорғай аласыз және өмір сүру сапаңызды арттырасыз.

Дәрі – дәрмекті сіз өмір бойы қабылдауыңыз керек болады, сондықтан ем алуды тек өзіңіз соған дайын болған кезде бастауыңыз керек. Барлық нұсқалармен танысып шешім қабылдау үшін өзіңізге жеткілікті уақыт беріңіз.



Сіздің емделуіңіз

АИТВ-ты емдеу деген күніне бір немесе екі рет дәрі-дәрмек қабылдауды білдіреді. Әдетте сізге үш немесе төрт дәріден құралған тәсімдердің (схема) біреуі ұсынылады. Әр дәрі АИТВ-мен өз жолымен күреседі және дұрыс әсер алу үшін барлық дәрілерді бірге қабылдау керек.

Екі немесе үш дәрінің түрі бір таблеткаға біріктірілуі де әбден мүмкін.

Кейбір кезде сіздің дәріңіздің аталымы мен түсі өзгеруі мүмкін. Бұл сіз алдын қабылдап жүрген дәрі болып қала береді, яғни негізгі вирусқа қарсы әсер етуші құрамы бір, тек басқа өндірушімен шығарылады.

Янссенның жомарт қолдауы арқасында www.pro-vich.info және www.about-hiv.info желіні қалыптастыру мүмкінге айналды. Біздің демеушіміз желінің мәтіні мен мазмұнына редакциялық бақылау мүмкіншілігін иеленбеді. Осы желідегі барлық ақпараттар денсаулық сақтау саласындағы мамандардың кеңесін орынын басу үшін емес, керісінше оларға көмектесуге бағытталған. Жеке мәселеніз бойынша өзіңіздің емделуші дәрігеріңізге немесе командаңыздың денсаулық сақтау бойынша жауапты мүшесіне ақыл қосу мақсатында жүгініңіз.

NAM aidsmap, Еуропалық ЖИТС –ті емдеу тобы, Еуропалық ЖИТС бойынша жәрдемдесу желісі, Шығыс Еуропа және Орталық Азияда АИТВ – пен өмір сүретін адамдардың одағы және ИТРСги (Емдеуге дайындау бойынша коалициясы) өз – ара ынтымақтастығы. Қосымша ақпараттар алу үшін: www.about-hiv.info; www.pro-vich.info; www.aidsmap.com Ұлыбританияда ресми тіркелген қайырымдылық қоры: 1011220